

Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау ережесін және "Алтын сапа" өңірлік және республикалық көрме-конкурстарына ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, ұсыну және алдын ала сараптамалық бағалау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 қарашадағы N 1059 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 шілдедегі N 1167 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.07.31. N 1167 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алуға арналған конкурс және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 194 Жарлығының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау ережесі;

2) "Алтын сапа" өңірлік және республикалық көрме-конкурстарына ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, ұсыну және алдын ала сараптамалық бағалау ережесі бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы

7

қ а р а ш а д а ғ ы

N 1 0 5 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала сараптамалық бағалау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алуға арналған конкурс және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 194 Жарлығына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алуға арналған конкурсқа (бұдан әрі - конкурс) қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау тәртібін белгілейді.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығы (бұдан әрі - сыйлық) конкурстың лауреаттарына беріледі және конкурстың эмблемасы мен дипломын беруді көздейді.

4. Заңды тұлғалар конкурсқа мынадай номинациялар бойынша қатысады:

- 1) "Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын";
- 2) "Халық тұтынатын тауарларды шығаратын үздік кәсіпорын";
- 3) "Қызметтер көрсететін үздік кәсіпорын".

5. Әр номинация бойынша мынадай санаттар бойынша екі сыйлық беріледі:

- 1) шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі;
- 2) ірі кәсіпкерлік субъектісі.

6. Сыйлықты алуға арналған конкурстың ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасының индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органы (бұдан әрі - конкурсты ұйымдастырушы) болып табылады.

7. Сыйлық алуға арналған конкурсты ұйымдастыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат есебінен және оның шегінде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау тәртібі

8. Сыйлық конкурсқа ұсынылатын материалдарға сараптама жүргізу және сарапшылардың баллдық баға қоюы негізінде әр номинация бойынша үміткерлердің арасынан жеңімпаздарды айқындау жолымен конкурстық негізде жыл сайын беріледі.

9. Конкурса қатысу үшін заңды тұлға конкурсты ұйымдастырушыға осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтінімді және мыналарды қамтитын белгілі бір құжаттардың 3 данадағы жиынтығын береді:

1) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысанда толтырылған сауалнама - декларация;

2) оның қызмет деңгейін өзін-өзі бағалауды және сапа саласындағы нақты нәтижелерді білдіретін заңды тұлғаның есебі - 36 беттен көп емес;

3) есепке қосымша (диаграммалар, графиктер, кестелер, құжаттардың көшірмелері және тағы басқалар) - 30 беттен көп емес;

4) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес 1а-дан 9б-ға дейінгі өлшемдер көрсеткіштерінің негізінде толтырылған заңды тұлғалардың сапа саласындағы қызметін бағалау (өзін-өзі бағалау) жөніндегі сауалнама;

5) салық төлеуші куәлігінің көшірмесі;

б) менеджмент жүйелері сертификаттарының көшірмелері.

10. Конкурса қатысу үшін материалдарды ұсыну мерзімі - конкурс өткізілетін жылдың 1 қыркүйегіне дейін.

11. Заңды тұлғалардың есебі:

1) заңды тұлға қызметіне қысқаша шолудан;

2) Қазақстан Республикасының Президенті сыйлығының моделіне сәйкес белгіленген бағалау (өзін-өзі бағалау) өлшемдерінің сипаттамасынан тұруы тиіс.

12. Көлемі А4 форматты 6 беттен аспайтын шолуда:

1) заңды тұлғаның тарихы;

2) өнімнің (қызметтердің) негізгі түрлерінің сипаттамасы;

3) ұйымдық құрылымы;

4) өнімнің (қызметтердің) сапасына қойылатын негізгі талаптар;

5) өнімді өткізудің негізгі нарықтары немесе көрсетілген қызметтер (өңірлік, республикалық, халықаралық) туралы ақпарат;

б) өнімді (қызметтерді) негізгі тұтынушылардың сипаттамасы;

7) заңды тұлғаның маңыздылығын білдіретін өзге де ақпарат қамтылуға тиіс.

13. Заңды тұлғаның мүмкіндіктері мен қызметінің нәтижелерін сипаттайтын өлшемдерді конкурсты ұйымдастырушы айқындайды.

14. Конкурсты ұйымдастырушының шешімімен конкурса ұсынылатын материалдарға алдын ала сараптамалық бағалау жүргізу үшін конкурсты ұйымдастырушының, министрліктер мен ведомствалардың өкілдерінен және қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен сараптамалық топтар құрылады.

15. Сарапшылар тобының сандық құрамы кемінде 7 адамды құрауы тиіс.

16. Заңды тұлғалар ұсынған материалдарды алдын ала сараптамалық бағалауды жүргізу:

1) сауалнама-сұрақнама бойынша өзін-өзі бағалаудың объективтілігін

айқындау мақсатында конкурсқа қатысушылардың қызметін алдын ала сараптамалық бағалау жүргізуді және олармен келісуді;

2) осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес конкурсты ұйымдастырушы мен сараптамалық топтар жүзеге асыратын алдын ала сараптамалық бағалауды қамтиды.

17. Сараптамалық топ материалдарға алдын ала сараптамалық бағалау жүргізгеннен кейін 2 данадағы құжаттардың жиынтығы мен сараптамалық қорытынды конкурсты ұйымдастырушыға жіберіледі.

18. Конкурсты ұйымдастырушы осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысандағы конкурсқа қатысушылардың материалдарын және осы материалдар бойынша алдын ала қорытындыны Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығының лауреаттары атақтарын және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсы дипломанттары атақтарын беру жөніндегі комиссияның қарауына ұсынады.

Қазақстан Республикасы Президентінің
"Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын
алуға арналған конкурсқа қатысушылардың
материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала
бағалау ережесіне

1-қосымша

Тіркеу нөмірі _____

Конкурстың ұйымдастырушысы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті

Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысуға

ӨТІНІМ

1. Ө т і н і м б е р у ш і

Заңды тұлғаның атауы _____

Мекен-жайы _____

Жұмыс істеу кезеңі _____

2. Заңды тұлғаның басшысы

Тегі, аты, әкесінің аты _____

Лауазымы _____

Мекен-жайы _____

Қызметтік телефоны,

факс _____

3. Заңды тұлғаның сипаттамасы
Қызметкерлердің жалпы саны _____
Филиалдардың саны _____

Қ о с ы м ш а :

1. Сауалнама-декларация - 1 дана
2. Құжаттар жиынтығы - 3 дана

Басшының қолы

"__" _____ жыл

Қазақстан Республикасы Президентінің
"Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын
алуға арналған конкурса қатысушылардың
материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала
бағалау ережесіне

2-қосымша

Тіркеу нөмірі _____

Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін"
сыйлығын алуға конкурсанттың сауалнама-декларациясы

1. К о н к у р с а н т

Заңды тұлғаның атауы _____

Заңды мекен-жайы _____

2. Б а с ш ы

Тегі, аты, әкесінің аты _____

Лауазымы _____

Почталық мекен-жайы _____

Қызметтік телефоны _____

3. Заңды тұлғаның атауы туралы мәлімет
Қызметкерлердің жалпы саны _____
Филиалдардың саны _____

Шығарылатын өнімдердің (жұмыстардың, қызметтердің) маңызды түрлерінің
үш атауы СЭҚТН, СЭҚ ӨК кодтары _____

4. Конкурса өкілетті және жауапты тұлға
Тегі, аты, әкесінің аты _____

Лауазымы _____

Телефон _____ факс _____

5. Декларация

Кәсіпорын атынан біз конкурсқа қатысушылар үшін белгіленген ережелерді орындауға келісетіндігімізді және Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығының лауреаттары атақтарын және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсының дипломанттары атақтарын беру жөніндегі комиссиясының шешімін түпкілікті ретінде қабылдайтындығымызды мәлімдеймін. Сараптаманы жергілікті жерде жүргізу қажеттілігі жағдайында біз оның ашық және әділ өткізілуіне жәрдемдесетін боламыз. Біз осындай сараптамаға байланысты шығыстарды кәсіпорынның көтеруге тиіс екенін түсінеміз.

Басшының қолы

200 ж. " ____ " _____

Қазақстан Республикасы Президентінің
"Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын
алуға арналған конкурсқа қатысушылардың
материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала
бағалау ережесіне

3-қосымша

Заңды тұлғаның сапа саласындағы қызметін бағалау
(өзін-өзі бағалау) бойынша сауалнама

Сыйлық моделіне сәйкес өлшемнің атауы	Баллдар	Өлшем көрсеткіштері	Баға, баллмен			Ескертпе
			Өлшем көрсеткішінің ең жоғарғы бағасы	Өзін-өзі бағалау	Сараптама бағасы	
1	2	3	4	5	6	7
Басшылықтың көшбасшылық ролі	100	1а	25			
		1б	25			
		1в	25			
		1г	25			
Сапа саласындағы саясат және стратегия	100	2а	25			
		2б	25			
		2в	25			
		2г	25			
Персонал	100	3а	20			
		3б	20			

		3в	20			
		3г	20			
		3д	20			
Әріптестік және ресурстар	80	4а	16			
		4б	16			
		4в	16			
		4г	16			
		4д	16			
Ұйым жүзеге асыратын үдерістер	120	5а	24			
		5б	24			
		5в	24			
		5г	24			
		5д	24			
Мүмкіндіктер бағаланады	Барлығы	max	500 балл			
Өнімнің (қызметтердің) сапасына тұтынушылардың қанағаттанушылығы	200	6а	150			
		6б	50			
Персоналдың қанағаттанушылығы	90	7а	67,5			
		7б	22,5			
Ұйымның қоғамға ықпалы	70	8а	40			
		8б	30			
Ұйым жұмысының нәтижелері	140	9а	70			
		9б	70			
Нәтижелер бағаланады	Барлығы	max	500 балл			
Барлық көрсеткіштер бойынша баллдардың жалпы саны						

Қазақстан Республикасы Президентінің
"Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын
алуға арналған конкурса қатысушылардың
материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала
бағалау ережесіне
4-қосымша
Тіркеу нөмірі _____

"Материалдарды сараптау" конкурсын ұйымдастырушының алдын ала қорытындысы

Кәсіпорынның атауы	Конкурсқа қатысушының құжаттары	Сараптамалық баға	Жұмыс органының бағасы	Ескертпе
	Өтінім: Сауалнама-декларация: Баға бойынша сауалнама: Есеп:			

Тұжырымдар: _____

Ұсыныстар: _____

Конкурсты ұйымдастырушының қолы

200__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы Президентінің
"Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын
алуға арналған конкурса қатысушылардың
материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала
бағалау ережесіне

5-қосымша

Тіркеу нөмірі _____

Конкурсты ұйымдастырушының алдын ала қорытындысы

Заңды тұлғаның атауы _____

Өлшемдер		Ең жоғарғы баға, баллмен	Конкурсанттың өзін-өзі бағалауы, баллмен	Сараптау бағасы, баллмен	Түпкілікті баға, баллмен
Өлшемнің атауы					
1. Басшылықтың көшбасшылық ролі	100				
2. Сапа саласындағы саясат және стратегия	100				
3. Персонал	100				
4. Әріптестік және ресурстар	80				
5. Ұйым жүзеге асыратын үдерістер	120				
	200				

6. Тауар сапасына тұтынушылардың қанағаттанушылығы				
7. Персоналдың қанағаттанушылығы	90			
8. Ұйымның қоғамға ықпалы	70			
9. Ұйым жұмысының нәтижелері	140			
Барлық өлшемдер бойынша баллдардың жалпы саны	max 1000			

Тұжырымдар: _____

Ұсыныстар: _____

Конкурсты ұйымдастырушының қолы

200 ____ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 7 қарашадағы

N 1059 қаулысымен

бекітілген

"Алтын сапа" өңірлік және республикалық көрме-конкурстарына ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, ұсыну және алдын ала сараптамалық бағалау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Алтын сапа" өңірлік және республикалық көрме-конкурстарына ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, ұсыну және алдын ала сараптамалық бағалау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алуға арналған конкурс және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 194 Жарлығына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже "Алтын сапа" өңірлік және республикалық көрме-конкурстарына (бұдан әрі - конкурс) ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау тәртібін белгілейді.

3. Республикалық конкурстың ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасының индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органы (бұдан әрі - конкурсты ұйымдастырушы), "Алтын сапа" өңірлік көрме-конкурстарының ұйымдастырушылары (бұдан әрі - өңірлік конкурстарды ұйымдастырушылар) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері болып табылады.

4. Конкурс конкурсы дипломанттарына конкурстың эмблемасы мен дипломын беруді көздейді.

5. Конкурс конкурсы ұйымдастырушының ресми сайтында жарияланатын Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығының лауреаттары атақтарын және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсының дипломанттары атақтарын беру жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) шешімімен бекітілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізіледі.

6. Конкурс ұйымдастыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат есебінен және оның шегінде жүзеге асырылады.

2. "Алтын сапа" өңірлік көрме-конкурстарына ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, ұсыну және алдын ала сараптамалық бағалау тәртібі

7. "Алтын сапа" өңірлік көрме-конкурсына ұсынылатын материалдар мен өнімдерді алдын ала сараптамалық бағалауды жүргізу үшін өңірлік сараптамалық комиссия құрылады.

8. Өңірлік сараптамалық комиссия өңірлік конкурсты ұйымдастырушының шешімімен құрылады.

9. Өңірлік конкурсқа қатысуға:

1) Қазақстан Республикасының аумағында өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларын және өндірістік-техникалық мақсаттағы (қару-жарақ пен әскери техника өндірісін қоспағанда) өнімдерді өндіруді жүзеге асыратын;

2) өнім сапасының тұрақты жоғары деңгейін қамтамасыз ету және оны жүйелі түрде жақсарту бойынша оң нәтижелері бар заңды тұлғалар немесе жеке кәсіпкерлер (бұдан әрі - конкурсқа қатысушылар) үміткер бола алады.

10. Конкурсқа қатысушылар конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) конкурсқа қатысуға өтінім және сауалнама-декларация;

2) сапа және қауіпсіздік туралы сертификаттар мен қорытындылардың көшірмелері (сәйкестік сертификаты, экологиялық сертификат, гигиеналық қорытынды - болған кезде);

3) менеджмент жүйесіне арналған сертификаттардың көшірмелері (болған кезде);

4) негізгі өлшемдер мен сипаттамалардың сандық мәндері көрсетілген өнімнің негізгі тұтынушылық қасиеттерінің негізгі сипаттамасы;

5) конкурсқа қатысушылар өз нәтижелерін және осы көрсеткіштердің өзгеру үрдісін бағалайтын көрсеткіштер.

11. Конкурсқа қатысушылар қызметінің нәтижелері туралы ақпарат графиктер немесе диаграммалар түрінде ұсынылады, олар ұсынылған сандық

деректердің маңыздылығы мен ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік беретін қысқаша түсініктермен сүйемелденуі тиіс.

12. Өңірлік конкурстар өңірлік конкурстарды ұйымдастырушы белгілеген мерзімде, бірақ конкурсты өткізу жылының 30 тамызынан кешіктірілмей өткізіледі.

13. Өңірлік конкурстардың ұйымдастырушылары конкурстарды өткізу жылының 15 қыркүйегінен кешіктірмей өңірлік конкурстар жеңімпаздарының қажетті құжаттарын конкурсты ұйымдастырушыға жібереді.

14. Өңірлік конкурстардың жеңімпаздары республикалық конкурсқа қатысады.

3. "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсына ұсынылатын материалдар мен өнімді алдын ала бағалау тәртібі

15. "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсына ұсынылатын материалдар мен өнімді алдын ала бағалауды жүргізу үшін республикалық конкурсты ұйымдастырушының шешімімен сараптамалық топтар (бұдан әрі - сараптамалық топтар) құрылады.

16. Сараптамалық топтардың сандық құрамы кемінде 7 адамды құрауы тиіс.

17. Сараптамалық топтардың құрамына:

1) кестеге әрбір айқындама бойынша өзінің бағасын қоятын (олардың бағаланатын өнімді алқалы талқылауға, ұсынылған материалдарды талдауға қатысуын негізге ала отырып);

2) қалған айқындамаларды сызып тастай отырып, кестеге бағаны өзінің құзыреттілігі жеткілікті деп есептейтін айқындамаларға ғана қоятын конкурсты ұйымдастырушының, министрліктер мен ведомстволардың, сапа саласындағы мамандардың өкілдері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатарынан тағайындалатын төраға, оның орынбасары және сарапшылар кіреді.

Конкурсты ұйымдастырушы сараптамалық бағалаудың толтырылған кестелерін құжаттар жиынтығы құрамында Комиссияға жібереді.

18. Комиссия сараптамалық топтардың алдын ала қорытындысының негізінде :

1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес "Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар";
2) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес "Халық тұтынатын үздік тауарлар";
3) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес "Үздік азық-түлік тауарлар" номинациялары бойынша дипломанттарды бекіту туралы түпкілікті шешім қабылдайды.

19. Жеке өлшем, талап, көрсеткіш бойынша алдын ала жұмыс жүргізіледі, оның мақсат толығын және мазмұнын сараптамалық топ айқындайды.

20. Егер әрбір номинацияда өнімнің әрбір түрі бойынша кемінде екі үміткер қатысса, конкурс өткізілген болып саналады.

Қолы _____

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

7

қ а р а ш а д а ғ ы

№ 1059 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Сапа саласындағы конкурстар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 наурыздағы № 384 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., № 11, 125-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 наурыздағы № 384 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 желтоқсандағы № 1593 қаулысы .

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 наурыздағы № 384 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы № 1727 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., № 48, 580-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 наурыздағы № 384 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі № 999 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., № 39, 411-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 наурыздағы № 384 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 қарашадағы № 1147 қаулысы .

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 наурыздағы № 384 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 шілдедегі № 715 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., № 28, 360-құжат).